

Ә.А. Құранбек, С.А. Мәжинбеков

## АНТИКАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ КЕҢМӘТІНІНДЕГІ ТӘН МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Антикалық мәдениет үшін адам мен Тәңірі тән (сома) мен кескін-келбеттің (prosopon – тура мағынасында бетперде деген түсінікті береді) бірлігі болып табылады. Байырғы грек эпсаналарында батыр тұлғасы денесімен де, қызметімен де, құдайларға ұқсай береді. Егерде кімде-кімнің тәні дұрыс тәрбиеленген болса, ол қылықтары қауым мақұлдаған талаптарға сай келсе, онда ол құдайлық кескін-келбетке ие бола бастайды, оның «эйдосы» да (жаны, рухы, идеясы) осындай мазмұнды қабылдайды. Антикалық тән ұғымы эпсаналық үлгілермен сәйкестігі арқылы дараланады. Грек эпсаналарында жан мен тән бір-бірінен ажыратыла бастайды. Біздің заманымызға дейінгі бесінші ғасырдан бастап байырғы грек дүниесінде екі Афродита туралы айта бастады: бірі – Афродита Пандемос (жалпыхалықтық) – тұрпайылау эротика құдайы, екіншісі – Афродита Урания – нәзік, әсем, жоғары, жандық махаббаттың құдайы. байырғы грек мүсін өнерінде тән мәдениетінің басты мұраттары мен әсемдік үлгілері қалыптасты. Мысалы, Пракситель жасаған Книдтік Афродита мүсінін тән әсемдігінің жетілген үлгісі деп қабылдауға болады [1, 20 б.].

Грек мәдениетіндегі тән туралы түсініктер парасаттылық құдайы – Аполлон мен көңіл-күй мен табиғи стихияның пікірі – Дионис бастауларының үйлесімдігі идеясы арқылы қалыптасқан. Егер Фидий, Мирон, Поликлет аполлондық өнер дәстүрлерінде адамдық сұлулықты, оның пішіндік үйлесімділігін, кескін-келбеттердің маңғаздығын, тәккәппарлығын суреттесе, Сконас тәннің динамикалық көріністеріне көбірек назар аударды. Оның «Қайта тірілген «құмарлық» мүсіні пластикалық бейне қозғалысқа, өмір талпынысына толы яғни тасқа жан бітіре алған мүсін. Ол, Ф. Ницше айтқандай, грек мәдениетіндегі Аполлон мен Дионис құдайларының қарама-қарсылығы өзара күреске түскен екі жақтың бастамасын бейнелейді. Дионис атына арналған думан мереке үстінде, адам жәй уақытта тыйым салынатын жағдайдан құтылады. Ал енді жан-жақты өзін-өзі шектеген, тыйым салынған жерге Дионис мерекесінің эстетикалық дыбысы өзінің таңғажайып әндерімен баса-көктеп енген жағдайда жеке адам өзіне салынған барлық Аполлондық тыйымдарды ұмытып дионистік қылықтарын іс-жүзіне асыруға тырысады [2, 70 б.]. Ежелгі гректердегі антропоцентризм (адам болмысын әлемнің орталығы деп есептеу, оған табыну) әбден жерлік мақсаттармен де түсіндіріле алады.

Денеге табыну полистерді жауларынан қорғау үшін асқан шеберлік пен қайрат-күштің қажеттігін айқындады. Бұл жоғарыда аталып өткендей, антикалық өнерде толық көрініс тапты. Мүсіннен басқа сәулет өнерінде де құрылыстар адам тәнімен жалпы табиғат үлгілеріне ұқсатып (мимесис) салынды. Соғылып жатқан храмдардың математикалық есептеулерінің өзі адамның денесімен үйлестіріледі. Қандай да бір құрылыстар болмасын ертедегілердің негізгі өлшемдері адам денесінің мүшелерімен (саусақтар, алақан, өкше, шынтақ және т.б.) алып пайдаланған. Ержүрек, айбатты дориялық бағана дене құрылысы қуатты, аяғын нық басқан, ешқандай безендіруді қажет етпейтін және әсемділігі шегіне жеткен ер адамның пішініне ұқсайды да, ал тал шыбықтай бұралған, нәзік, сымбатты ионилік алып бағаналар әйелдің пішінімен салыстырылады. Бағаналар пальманың жапырақтары немесе бұралған, көп жылдық әсем гүлді су өсімдігі лотос сияқты, симметриялап жатқызған грек әйел-қыздарының шаштарына ұқсатылып безендірілген. Әрдесе ионикалық алып бағанаға түсірілген он бойлық ойшықтар дориялық алып бағаналарға қарағанда жіңішкерек және молдау. Витрувийдің ойынша Коринфтік алып бағана «қыздардың әсем тұлғасына еліктелініп» тұрғызылған [3, 48 б.].

Антикалық тән мәдениетінің сұрыпталған үлгілері «калокагатия» ұғымы арқылы берілген. Оны «әсемдік және ізгілік» деп аудару жеткіліксіз. Kalos – атлетикалық және гимнастикалық жаттығулармен жетілген тәнді білдіреді. Ол «кұлдық» еңбекпен қиналмаған және «варварлық» түк істемеушілікпен бұзылмаған. Тәннің тұрқы, оның мимикалары мен позалары, бұлшық еттері, қозғалыс ырғақтары полистік талаптарға сай келеді; осындай тән иесі шешен (риторикамен айналысады) болып келеді. Agathos – жоғары ізгі, әсем, түсінуші жанның сипаттамасы. Тән дене шынықтырумен тәрбиеленсе, жан музыканы түсінумен жетіледі. Музыка («мусикалық өнер») поэзия, би және әуеннің үйлесімдігі деп түсініледі. Сонымен, калокагатия тән мен жанның, денелік әсемдік пен рухани кемелденудің бірлігі болып табылады.

Антикада тән мен жан синкреттік бірлікте болып келген. Бұл жалпы антикалық дүниені түсінуге және онымен үйлесімді қарым-қатынаста болуға бағытталған. Грек трагедиялары адамды құдірет ретінде жырлаған Гомер-Гесиод

жырларынан бастау алады. Гомер жырларында бұл дүниенің тамашалығы мен шаттығы, соның ішінде тән ләзаттары (дионисийлік мәдениет) жоғары бағаланған [4, 120 б.].

Жоғарыда аталып өткендей, тән сұлулығы тек мүсін өнерінде ғана емес, жалпы антикалық мәдени болмыста Музалардың аясында жырланған. Әуен тіршілікке үйлесімді ырғақты, би тән ойынын, поэзия сөз әдемілігін жеткізсе, олардың бәрі гимнастикамен қамтылған. Грек мәдениетінің білгірі А.Ф. Лосев гимнастика тек адам денесімен шектелмей, оның психикасын да қамтыды, ол адам жаны үшін әдептік-тіршіліктік жаттығулар болды дейді [5, 37 б.]. Және бұл жаттығуларды Музалар: Клио, Евтерпа, Талия, Мелопомена, Эрато, Терпсихора, Полигимния және Урания, Каллиопа қадағалап отырды.

Бұл тоғыз Музалар адамзат сұлулығының ән ұрандарына айналып кетті. Байырғы гректік тән сұлулығы мұраттары талай ғасырлар бойы талай ақындар мен суретшілер шығармашылығының арқауы болып келді. Мәдениеттану кітабында мынадай бір дерек келтіріледі. 1820 жылы Жерорта теңізінің бір аралынан табылған Агесандрдың қолынан шыққан «Милостік Венера» деп аталатын керемет мүсін Париждегі Лувр мұражайына қойылады. Соны естіген қатты сырқаттанып жатқан Гейне мұражайға қол арбамен жетіпті. «Осынау сұлулық падишасының» бейнесін көрген уақытта ақын адам танымастай шексіз бақытқа бөленіп, көкірегі қас айырыла, «Ах, мен неге сол мезетте көз жұмып өліп кетпедім» – деген екен [6, 125 б.].

Грек трагедияларына қайтып оралсақ, олардағы басты идеялардың бірі, жоғарыда аталған тән мен жан гимнастикасымен үндес – катарсис ұғымы. Катарсис трагедиялық бейнелердің ішкі дүниесіне еніп, олардай жамандықтан азап шегіп, жақсылық бастаулары арқылы тән мен жанын «тазарту» дегенді білдіреді. Басқа біреудің қайғы-қасыретіне ортақтасу, тән моншада қалай кірден арылса, бұл да адам жанын тазартып шығады. Эсхил, Софокл, Еврипид трагедияларында тән мен жанның үйлесімділігіне қатысты талай терең ойлар айтылған. Олардағы басты идея – рух күнделікті өмірде жеңіліске ұшырағанымен, түбінде өз дегеніне жетеді.

Эсхил трагедиялары шындық, әділеттілік, игілік сияқты ұғымдардың, діни-этикалық шеңберінде айқындалды: құдайлардың белгілеген және бақылап отыратын, әділеттіліктен кері айналмайтын әділ жаза атты заңы орын алды. Әдетте, Эсхилдың құдайлары әділетті болғанмен, құдайларға деген жаңа қатынастардың элементтері енгізіліп, Афина азаматтарының әлеуметтік құндылықтарының, олимпиадасы-

лардың бейнелерінің арасында параллель жүргізіле бастады. «Бұғаудағы Прометей» атты трагедияда, отты қолына түсірген адамдардың атынан Прометей қатыгез, құдіретті Зевске лағнет айтады.

Софокл трагедияларының дауы – адам мен жазмыш арасындағы қарама-қарсы тұрушылық. Құдайдың дегені бәрінен де күшті, бірақ трагедиялардың адамдары да, ержүрек батырлары да жәй емес шетінен қайсар және қажымайтын тұлғалар. Креонт пен Эдипп, Антигона мен Электралар осының дәлелі. Софокл трагедияларында аса толық түрде көркемдік мәдениеттің жаңа көңіл-күйінің көріністері бар: нақты тұлғаларға назар аудару, дербестік, өмір жолын өз қалауынша анықтау. Адамға тұлға ретінде назар аудару Еврипид трагедияларында да өз жалғасын тапты. Құдайдың қатыгездігінде сөз жоқ, бірақ олар бәрінен де күшті емес: адамның қайғы қасіретінің бастамасы құмарлық пен оның жанының қызбалығында. Еврипид адамның іс-қылықтарының себебін адамның өзінен іздейді де, ал құдайлар мен батырлардың трагедиясын адам трагедиясына айналдырады. Егер Софокл Аполлон алдында бас исе, ал Еврипид оны кекшіл деп есептейді. Ол заңдар мен этикалық ережелердің пайда болуына құдайдың қатысы бар екендігіне сенімсіздік білдіреді. Оның ержүрек батырлары – Мимедя мен Федра қалыптасқан дәстүрлер мен салт-саналарға қарсы тұрады. Замандастарының айтуынша Софокл да, Фидий, Мирон, Поликлет сияқты, адамды қалай елестетсе солай суреттеді, немесе адамның қандай болу керек екендігін көзге елестетіп суреттеді [3, 112 б.]. Бұлардың арасында Прометей өзінің рухани ерлігімен қоса, тән сұлулығы арқылы да көзге түседі. Еркін адам құдіретін білдіретін Прометейдің бітім-болмысынан кейінгі Гете жырлаған Фауст пен Ницше жорамалдаған «жоғарғы адамның» нышандары байқалып тұрады.

Антикалық тән мәдениеті тек сұлулық пен махаббат өрісінде ғана қалыптаспады. Оның прагматикалық мақсаттары, әсіресе, Спарта одағында саяси ұстанымға айналды.

Оңтүстік Италиядағы Пифагор үйірмесінің мүшелері математиканың өзін тәндік пән деп есептеді. Ол «денесіз» алгебра емес, «тәндік» геометрия түрінде дамыды. Оның қолданыс аймақтары мүсіндер мен сәулет өнеріндегі практикалық нормалардан аспан денелеріне дейінгі аймақты қамтыды. Математика антикалық мағынадағы музыкада да қолданыс тапты: Лира мен кифаре сияқты «аполлондық» дұрыс аспаптарда ойнау ырғақ үйлесімдігі математикасына тәуелді, би де ғарыштық-болмыстық ырғақтарды білдіреді, ғарыштың өзі – аспан денелерінің ырғақты биі болып табылады.

Сондықтан адамның негізгі мақсаты өз тәні мен жанын әуенді, үйлесімді, ырғақты етумен айқындалады. Дұрыс сәйкестендірілген және бапталған тәннің өлшемі – денсаулық. Осындай дені сау тән ғарыш ырғақтарына қосылып кетеді. Грек адамы ғарышты сол күйінде өзгертпестен қабылдады, антикалық әлем құрылысын ойлап-талдамай, мәніне терең жетпей-ақ бақылады. Бірақ оны қабылдаса грек адамы міндетті түрде алғашқы таза сенімге негізделген нәрселердің бәрін есептеп шығарып, дәлелдеп сенімді қабылдауы керек. Аристотельдің байыптауынша үйлесімдік «қозғалыс пен жағдайы» бар мөлшердің қатынасы болса, нәрселердің байланысы мен тепе-теңдігі арқылы көрінсе, онда ол байланыстардың математикалық шамасы болғаны. Осыдан барып адам келбетінің үйлесімдік идеясының пропорциясын анықтайтын ережелердің жиынтығы – канон дүниеге келді. Адамдардың денесі егжей-тегжейлі геометриялық тұрғыдан зерттелді, нәтижесінде оның барлық бөліктерінің бір-бірімен пропорционалды қатынастарда болатындығы туралы ережелер тізілді [3, 51 б.].

Біз осыған дейін антикалық дене мәдениетінің ұтымды жақтарына назар аудардық. Мұның негізі де бар. Өйткені, тән мәдениетінің дамуына антикалық өркениетте айрықша үлес қосты. Алайда, антикалық тән мәдениетінің теріс жақтары да жеткілікті болды. Антикалық дәуір мәдениетіндегі тәндік бастаулардың руханилықтан ажыратыла қалыптасқан түріне Спартадағы дене шынықтыру жүйесі жатады. Біздің заманымызға дейінгі алтыншы ғасырда Лаконияда тоғыз мың спартадықтар, отыз мыңдай жартылай азат азаматтар және екі жүз мыңға жуық құлдар болған. Бұл жағдайда тек дене күшімен және бүкіл елді соғыс лагеріне айналдырумен ғана билік сақталып келген. Әлсіз нәрестелер жартастан лақтырылған, қалғандары қатыгез жүйеде тәрбиеленіп, адам қырушы құралға айналдырылған. Тән тәрбиесін қоғамдық бақылаушылар отбасыдан тыс жүргізген. Гимнастика мен би өнері тек әскери мақсаттарға сай жаттығулар арқылы қалыптасқан. Қыздар да осы жүйе бойынша жаттығулардан өтіп отырған. Тіпті, евгеникадан талай ғасыр бұрын болашақ ұрпақты сұрыптау мен өмірге әкелудің руханилыққа жат тәсілдері Спартада жүзеге асқан. Алайда ондай тәрбиенің Спартаны құртқара алмағандығы тарихтан белгілі.

«Иллиаданың» өзінде талай қатыгездік көріністері суреттелген: қанды оргийлар, тұтқындарды өлтіру, Гектордың өлі тәнін сүйреу т.т. Саламин шайқасының алдында Афина теңіз флотының бас қолбасшысы Фемистокл өз қолымен үш парсылық бозбаланы қылқын-

дырып өлтіреді. Тіпті осындай керемет Аполлон бейнесінің қараңғы жақтары жеткілікті. А.Ф. Лосев Аполлон демонизмін суреттей келе, одан адамдар түгіл, құдайлардың өздері де үрейленген дейді [5, 92 б.]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ, олар, жалпы алғанда, антикалық мәдениеттегі тән мен рухтың жоғары үлгілерін төмендетпейді. Антикалық мәдениеттегі осы мәселені талқылауды Сократтың өзін өлім жазасына кескен сотқа берген соңғы жауабымен аяқтайық: «Өлімнен олай құтылғаннан, өзінді адам атына лайықты ұстай біліп өлгенің артық. Жәй өмірде де, соғыста да өлімнен ақ жол мен қара жолды ажыратпай құтыла беруге болмайды. Өлімнен құтылудың жолдары көп, бірақ оның бәрі бірдей адам затына жарай бермейді...

Ал, мені өлтіргендер, мен былай деймін. Зевстің атымен ант етемін, мен өлгеннен кейін-ақ сендер маған тартқан өлімнен де жаман жазаға ұшырайсыздар, осы қиянатты істеп алып, одан әрі өз өмірлерің қақында қандай болса есеп беруден құтылдым деп ойлайсыздар ғой, ал іс жүзінде бәрі керісінше болады: сіздерді әшке-релеушілер көбейе береді, мен оларға тосқауыл едім... Өлім деген екінің бірі. Иә өлу деген – алаңсыз жоққа айналу, яғни одан кейін адам жаны ешнәрсе сезбейді, түсінбейді, екіншісі – егер аңыздарға сенсек, – өлім – ол жан үшін бір өзгеріс, жанның бұл жерден басқа бір жерге көшуі... Жақсы адаммен бұл тіршілікте болсын, ана дүниеде болсын, ешбір жамандық болмайды, құдайлар тек солардың қамын үнемі ойлауда болады... Енді бұл жерден кететін де уақыт келді, маған – өлуге, ал сіздерге тіршілік етуге, ал олардың қайсысының игілік екендігін Тәңірден басқа ешкім де білмейді» [7, 27 б.].

1. *Философия любви. Ч. I.* – М.: Политиздат, 1990. – 604 с.

2. *Ницше Ф. Собр. Соч. В 2-х т. т.1.- М., 2006.* – 412 с.

3. *Төкенов Ө.С., Жанақұлов Т.Ж. Мәдениеттануға кіріспе* – Алматы: Тұран университеті, 1999. – 368 б.

4. *Идеи эстетического воспитания. Антология. В 2-х т. т.1.-II.* – М.: Искусство, 1973. – 407 с.

5. *Лосев А.Ф. Античная музыкальная эстетика. М., 1960.* – 450 с.

6. *Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану.* – Алматы: Раритет, 2000. – 352 б.

7. *Платон. Сократтың ақталу сөзі // Әлеуметтік философия (Хрестоматия)* – Алматы: Ақыл кітабы, 1997. – 226 б.

\*\*\*

Статья рассматривает специфику формирования культуры тела в контексте античной цивилизации. Раскрываются основы возникновения понятий о теле в древнегреческой культуре.

\* \* \*

The features of formation of culture of a body in a context of an antique civilization are considered in this

article. Bases of an origin concept about a body in the Greek culture are shown and samples of ancient art of a body are considered.

*Т.А. Сулейменов, Г.К. Есиркепова*

## МЕНТАЛЬНОСТЬ НОМАДОВ В КОНТЕКСТЕ ВОСПИТАНИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ

Современная действительность характеризуется нарастанием процесса глобализации, который затрагивает все стороны общественной жизни и оказывает на них свое противоречивое влияние.

Позитивными тенденциями являются сближение культур, укрепление экономических, культурных связей между странами, увеличение разного рода контактов между людьми, либерализация процедуры пересечения государственных границ и т.п.

Но вместе с тем, глобализация таит в себе и определенные угрозы, которые могут нанести значительный урон как человечеству в целом, так и составляющим его этносам. Пожалуй, самым грозным вызовом истории может стать потеря людьми своей этнической идентичности, так как глобализация ведет к размыванию этнических ценностей, нивелированию самобытных культур. Это обстоятельство вкупе с повсеместным ростом этнического самосознания могут привести и, к сожалению, приводят к обострению межэтнической напряженности, что нередко выливается в открытые противостояния вплоть до вооруженных конфликтов. «Поворот к национальным, этническим проблемам, - пишет Ж.Т. Тощенко, - происходит в глобальных масштабах. Достаточно сказать, что в войнах и вооруженных конфликтах вес этнического фактора в 1984 – 1989 годах достиг, по данным Д. Райта, половины (15 из 30), в то время как за весь период нового времени (с 1496 г. по 1983 г.) только 86 из 240 войн характеризовались той или иной степенью этнической нетерпимости. Анализ реальной ситуации показывает, что удельный вес этнических вооруженных конфликтов в ближайшем будущем будет возрастать» [1, с. 201]. С прискорбием приходится констатировать факты втягивания в вооруженные конфликты молодых людей, подростков, а то и малолетних детей.

В этих непростых условиях неизмеримо возрастает роль духовных ценностей кочевой цивилизации номадов, которые обладают большим воспитательным потенциалом.

Среди них особо следует выделить толерантность, ощутимый недостаток которой зачастую приводит к обозначенным выше социальным эксцессам – противостояниям, конфликтам, войнам.

В философском энциклопедическом словаре толерантность характеризуется следующим образом: «Толерантность (от лат. *tolerantia* – терпение) – терпимость к иного рода взглядам, нравам, привычкам. Толерантность необходима по отношению к особенностям различных народов, наций и религий. Она является признаком уверенности в себе и сознания надежности своих собственных позиций, признаком открытого для всех идейного течения, которое не боится сравнения с другими точками зрения и не избегает духовной конкуренции» [2, с. 457].

В эпоху глобализации воспитание именно такого рода толерантности у современных молодых людей является насущной задачей дня. И в этом благородном, но сложном кропотливом деле неопределимую роль играет опыт жизнедеятельности наших предков-номадов, традиционное мировоззрение которых обеспечивало стратегию гармонического сосуществования природы и социума, человека и рода, человека и человека.

Не вдаваясь в подробный анализ ментальности номадов, акцентирую внимание лишь на толерантности, которая является одной из характерных черт психологического портрета человека-кочевника.

В литературе по номадологии часто встречаются описания проявления терпимости со стороны номадов по отношению к представителям других этносов, других религиозных конфессий. Так, например, замечательный русский поэт XX века Николай Заболоцкий в поэме «Рубрук в Монголии» писал:

«А между тем вокруг становья,  
Вблизи походного двorca  
Трубили хану славословья  
Несториане без конца.  
Живали муллы тут и ламы,  
Шаманы множества племен...» [3, с. 255].